



ХҒТАР 19.41.09
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-151-2-95-107>

Қазақстан бұқаралық коммуникация құралдарындағы билингвизм мәселелері

А.И. Майлыбаева*¹, М.Б. Тоқтағазин¹, Н.К. Сиязбаев²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

(E-mail: *mailybayeva@mail.ru, muratbek_63@mail.ru, nurtuleu_92kz@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада билингвизм терминіне түсініктеме беріліп, оның енуіне себеп болған әлеуметтік, саяси, мәдени жағдайлары талданды. Қазіргі қоғамда билингвизмнің кең таралуы этникалық және саяси факторлармен, сондай-ақ географиялық ұтқырлықпен түсіндіріледі. Жаһандану кезеңінде қоғамдық және қаржылық алғышарттар маңызды рөл атқарады, мұнда екі немесе одан да көп тілдерді білу оқуға түсу немесе басқа елде жұмыс істеу үшін қажетті шарт болып саналады. Халықтардың, тілдер мен мәдениеттердің араласуы бұрын-соңды болмаған ауқымға жеткен және бөтен мәдениеттерге төзімділікті тәрбиелеу, оларға деген қызығушылық пен құрметті ояту мәселесі бұрынғыдан да өткір болған қазіргі кезеңде мәдениетаралық қарым-қатынаста қостілділік ерекше маңызға ие болып тұр. «Билингвизм» термині екі латын сөзінен шыққан: («bi»-қос және «lingua»-тіл). Екі тілділік ұғымының өзі толық түсініксіз: арнайы әдебиеттерде оның анықтамалары бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді. Билингвизм деп ақпаратты екі тілде де түсініп, еркін сөйлей алуы немесе бір тілде еркін сөйлеп, екінші тілде тек жауап қайтара алатындай тілдік дағдысы болуын айтады. Қостілділікті қазіргі жаһандану кезеңінде болуы тиіс құбылыс деп санауға болады. Сонымен қатар, билингвизмнің медиаға қатысы айтылып, таралу деңгейі анықталды. Дәстүрлі және жаңа медиакеңістіктің мүмкіндіктері сараланды. Мақаланың мақсаты – қазақтілді бұқаралық коммуникациядағы билингвизмнің көрінісін анықтап, деңгейін саралау. Дәстүрлі және интернет БҚК-дағы билингвизмдер мысалдар арқылы талданды. Зерттеудің нәтижесінде қазақ-орыс, қазақ-ағылшын билингвизмі анықталды. Әсіресе, қазақ-орыс билингвизмі барлық бұқаралық коммуникация құралдарында кездесетіні айқын. Себебі елімізде кейбір ресми іс-шаралар орыс тілінде жүргізіледі.

Түйін сөздер: билингвизм, БАҚ, коммуникация, қос тілділік, медиа-кеңістік

Кіріспе

Билингвизм – ертеден келе жатқан құбылыс. Ал жаһандану кезеңінде бірнеше тіл білу немесе түсіну қалыпты жағдайға айналды. Бұл құбылыстың артында тарихи, саяси, әлеуметтік мәселелер жатыр. Билингвизмді зерттеуші ғалымдар бұл терминге түрлі анықтама берген. Бірі екі тілді де бірдей дәрежеде білуі тиіс десе, келесі тобы екінші тілді түсініп, аз болса да сөйлей алса жеткілікті деген тұжырым жасаған. Билингвизмге қатысты тұшымды ойларды У. Вайнрахтың еңбектерінен таба аламыз. Ол билингвизм немесе қос тілділік «екі тілді кезектесіп қолдану тәжірибесі. Бұл тәжірибені жүзеге асыратын адамдар екі тілді немесе билингв деп аталады» [1, 22 б.] дейді. Ал А. Метлюк болса, «билингвизм» термині екі тілді жеке меңгеру жағдайларына, тілдерді ұжымдық немесе жаппай меңгеру жағдайларына қолданады. Бұл ретте екінші тілді меңгеру әртүрлі дәрежеде болуы мүмкін» [2, 88б.] деген болатын. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «Билингвизм – [bi-екі, lingua-тіл] – зат. Қостілділік. Билингвизм – әлеуметтік, психологиялық, тілдік құбылыс» деп берілген [3, 354].

Зерттеуші К.Я. Янович қостілділік ұғымы «мәдениетаралық коммуникация» ұғымымен тығыз байланысты дейді [4]. Екі тілді басылымдар әрдайым екі халықтың мәдени мәтіндерін бейнелейді, бұл оқырмандарға әртүрлі мәдениеттердің, олардың және шетелдіктердің мағыналарын түсінуге, оларды талдауға және салыстыруға мүмкіндік береді, осылайша, мәдениетаралық коммуникацияны жүзеге асырады. Оқу процесінде екі тілді басылымдарды қолдану ерекше маңызға ие. Олар материал мен тілдің оңай сіңуіне ықпал етеді. Қазір осындай екі тілді басылымдардың көп саны әртүрлі жастағы және білім берудің әртүрлі деңгейлеріне қарай таралып жатыр.

Медиалингвистика – ғылымдар тоғысында баспа, аудиовизуалды және желілік медиамен ұсынылған медиасферада тілдің жұмыс істеуін зерттейтін пән. Әлеуметтік-саяси жағдайлар тіл арқылы медиакеңістікте көрініс табатындықтан, билингвизмдердің белгілерін анықтау үшін дәстүрлі және интернет бұқаралық ақпарат құралдарына шолу жасалды.

Зерттеу әдісі

Тақырыпты зерттеу үшін белгілі бір медиа үшін тілді таңдау факторларын анықтауға арналған контент-талдау; газет мәтіндеріндегі русизмдерді интроспективті анықтау және оларды варваризмдерден ажырату үшін салыстырмалы талдау; русизмдердің мәлімдеме мен мәтіндегі функцияларын анықтау үшін контекстік талдау әдістері қолданылды.

Талқылау

Билингвизмді У. Вайнрах, В.Ю. Розенцвейг, Г. Вишневская, Ф.П. Филин, т.б. зерттеп, оның концепциясын жасаған еді. Билингвизм – әлеуметтік, саяси, психологиялық, лингвистикалық құбылыс болғандықтан, оның бірнеше теориясы анықталды. Түрлі

теориялардың ішінде Г. Вишневскаяның пайымдауынша, Ф.П. Филиннің концепциясы «неғұрлым сенімді болып көрінеді, өйткені ол екі тілді адамның сөйлеуіндегі тілдер арасындағы байланыстың сипатын ескере отырып, талданатын құбылысты объективті түрде көрсетеді және бұл құбылысты толық және жан-жақты ашуға мүмкіндік береді» [5, 6.16].

Өз кезегінде, билингвизм қазіргі әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде келесі факторлардың әсерінен дамиды:

- әлеуметтік-мәдени компоненттің рөлін күшейту-басқа елдердің мәдениетін зерттеу және өз мәдениетін тереңірек түсіну, "мәдениеттер диалогына" қатысу;
- бірыңғай білім беру кеңістігін (жалпыеуропалық білім беру кеңістігін, халықаралық білім беру кеңістігін) құру және соның салдарынан адамдардың шет тілдерін меңгерудің жалпыеуропалық деңгейіне жетуге ұмтылуы және студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту;
- болашақ мамандарға өз әлеуетін іске асыруға және әлемдік нарықта белсенді жұмыс істеуге мүмкіндік беретін кәсіптік даярлау құралы ретінде екі тілді оқытуға деген қажеттілік, сондай-ақ ХХІ ғасырда кәсіпаралық сипаттағы алмасулардың айтарлықтай өсуі;
- әлемдік ақпараттық кеңістіктің дамуы, теледидар мен Интернет сияқты заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың, түрлі бұқаралық коммуникация құралдарының тез таралуы;
- жаңа ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану, қашықтықтан оқыту нысанын дамыту, on-line режимінде оқыту және т. б.

Билингвизм, ең алдымен тарихи жағдайларға байланысты дамыған. Оның айқын мысалы ретінде КСРО құрамына енген елдердегі тіл саясатын негізге алуға болады. Мәселен, А.В. Гусейнова «Региональный язык в медиапространстве Республики Хакасия» атты мақаласында Хакасияның медиакеңістігіндегі тіл мәселесіне тоқталған. Зерттеудің нәтижесінде ассиметриялы билингвизм деген тоқтам жасады. Мақаланы қорыта келе, жергілікті тілдің уақыты шектеулі екені айтылды. Алайда соңғы жылдары хакас тілін дамыту бағдарламасына сәйкес осы тілдегі бағдарламалар санының жиілігі артып келе жатқанын айтты [6]. Ал, Л.Д. Дряхлова Мордовия баспасөзіндегі қостілділікке талдау жасап, мокша мен эрза тілінің қазіргі жағдайына тоқталған. Жергілікті халықтың тілдік жағдайын ескеру үшін телехабарлардағы билингвизм жақсы әсер етеді дейді. Зерттеудің нәтижесінде Мордовиядағы мокша тіліне деген қажеттіліктің жоқтығын, соған сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлар да бұл тілде өте аз шығатыны анықталды [7].

Т.В. Жеребило билингвизм жағдайындағы публицистикалық стиль жайында сөз қозғайды. Неонимациялар мен түрлі штамптарды мысалға ала отырып, шетелден енген on-line, PR, wi-fi, т.б. сөздердің кейде латын тілінде жазылатынын тілге тиек етті. Бұл жағдай кірме сөздердің тілге қаншалықты енгенінен хабар береді дейді. Бұл сөздер орыс тілінен оңайлықпен кете қойматынын айтып, оларды ауыстыратын жаңа атаулар шығады деген сенімін келтірді. Зерттеуші жекелеген сөздерге тоқталып, оны бұқаралық ақпарат құралдарында кездесетін мысалдармен дәйектеген. Біздің ойымызша,

зерттеуші Т.В. Жеребило қостілділіктің әсерінен өзгерген стильді талдағысы келген [8]. Осы орайда тілші-ғалым А. Алдаш соңғы уақытта функционалды стильдердің араласып келуі жиі кездесетіндігін айтады. Біздің ойымызша, бұл жағдайға қоғамда қалыптасқан қостілділіктің де әсері бар. Зерттеуші Н.Б. Азизова өз зерттеуінде билингвизмнің мемлекеттің консолидациясына оң әсері бар екенін айтады. Тарихи, әлеуметтік жағдайлар елдегі қостілділікті дамыта отырып, нығая түседі екен [9]. С.В. Андреева билингвизмнің лингвистикалық, психологиялық, әлеуметтік, т.б. аспектілерін қарастыра отырып, құбылыстың қоғамға әсерін жан-жақты ашып көрсетті [1]. Жеке адамға қатысты алатын болсақ, бірнеше тілді білу – үлкен жетістік. Алайда жергілікті бұқараға тарайтын ақпараттың қос тілде немесе шұбарланған тілде таралуы – даулы мәселе.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл болғанмен, мемлекеттік маңызы бар іс-шаралардың орыс тілінде жүргізіліп жатқаны қынжылтады. Билингвизмнің қазақ қоғамына орныққанына бірнеше ғасыр болды. С.Х. Абдигази «осы уақытқа дейін көптілді Қазақстанда З.К. Ахметжанова атап өткендей, бірінші тілдің екінші тілге әсер ету ерекшелігіне, тілдердің әртүрлі қызмет салаларын қамтуына және түрлі аймақтарда таралуына қарай билингвизм мен полилингвизмнің түрлері қалыптасты» дейді. Б.Х.Хасанов екі тілділіктің 126 түрін ажыратады. 125 ұлттық және орыс тілдері, жиырмаға жуық орыс-ұлттық және ұлттық-қазақ екі тілділік, ұлттық екі тілділіктің кемінде он түрі, сондай-ақ үш тілділік: қазақ, орыс және ұлттық тіл» деп жік-жікке бөліп берді [10].

Е.О. Опаринаның мақаласында билингвизмді тудырған жайттарды тізбектеп көрсеткен. Ең алдымен қазақ тілімен қатар орыс тілінің қолданысы бірдей, тіпті кейде мемлекеттік жиындарды орыс тілінде өткізетіні белгілі. 2007 жылы Қазақстан Президенті Н. Назарбаев «Тілдердің үштұғырлығы» тұжырымдамасын жариялады, ол үш (басқа тәсілмен оларды төрт деп санауға болады) стратегиялық тұжырымдаманы ұсынды. Тілді дамытудағы мақсаттар: «мемлекеттік [қазақ] тілінің әлеуметтік-коммуникативтік функцияларын кеңейту және нығайту; орыс тілінің мәдени функцияларын сақтау; тілдерді дамыту этникалық топтар және іскерлік қарым-қатынасқа ағылшын тілін енгізу» [11].

Т.А. Поддубская ТМД елдерінің медиакеңістігіндегі орыс тілінің рөліне тоқталған. «2010 жылдың басында орыс халқының саны ел халқының 23,3% құрады [12]. Бұл ретте ел халқының 84,8%-ы орыс тілін меңгерген. Қазақстанда орыс тілі ресми мәртебеге ие, ол Қазақстан Республикасының Конституциясында және "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" 1997 жылғы Заңда расталған. 2004 жылы Заңның 8-бабына "жұмыс және іс жүргізу тілі" деген түзетулер енгізілді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, ұйымдары және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мемлекеттік тіл қазақ тілімен қатар орыс тілін ресми түрде қолданады". Мақала авторы қазақ тілі мен орыс тілінің тығыз байланыстылығын көрсеткен. Мәселе екі тілдің туыстығында емес, керісінше саяси-әлеуметтік себеппен ұзақ жылдар бірге қолданыста екенін айтады. Орыс тілінің қазақ елінде қолданыста болуы заңмен бекітілгенін тілге тиек етті.

Қоғамдық пікірді қалыптастыруда басты үлес алатын ақпарат көздері – телеарналар мен интернет ресурстар. Ең көп қамтылған сала – интернет желісі болып отыр. 6-74 жас аралығындағы халықтың 78,2%-ы интернетті пайдаланады екен, басым бөлігі 14 жас

пен 45 жас аралығында. Жас ерекшелігіне қарай, пайдаланатын контент ерекшеленеді, алайда ақпараттың көбісі орыс тілінде алынады.

2021 жылы қазақстандық 166 телеарнадан сұранысқа ие ондықтың ішіне алтауы (КТК, Qazaqstan, НТК, Первый канал Евразия, Хабар, 31 канал) енді, оның үшеуі мемлекеттік арналар. Қазақстандық телеарналардың басым бөлігі жергілікті телеарналар, олар мемлекеттік гранттар есебінен қызметін жалғастыруда. Қазақстандық арналарға мемлекеттік қолдау көрсете отырып, олардың бәсекеге қабілеттігін арттыру мақсатында жүргізген мемлекеттік бағдарлама оң әсерін тигізуде. Рейтинг бойынша алғашқы отыз арнаның ішіндегі қазақстандық арналар үлесі 2021 жылы 2,9%-ға көбейді. Дегенмен, басым көпшілігі орыс тілді арналарды таңдауда ресейлік арналарға жүгінуде. Демек, отанымыздың территориясында қоғамдық пікірді қалыптастыруда олардың әсері айтарлықтай болып отыр.

Бүгінгі күнде Қазақстанда тіркелген БАҚ саны 5 189, оның 3 676 баспа өнімдері (2180 газет және 1496 журнал), 191 – телеарна, 84 – радио, 959 – ақпараттық агенттіктер мен ғаламтор арналары. 35% өз қызметін екі тілде, 16% – тек орыс тілінде, 13% – тек қазақ тілінде, 22% – үш немесе одан көп тілде жүргізеді. Заңнамаға сәйкес контенттің кем дегенде жартысы мемлекеттік тілде болуы тиіс деген талап бар. Мұндай күшпен енгізудің жағымсыз әсері де жоқ емес. Қазақ тілді контентті толтыру үшін ақпарат орыс тілінен аударылады. Бірақ, аударма барысында қазақ тілінің грамматикалық және сөзорам ережелері ескерілмейді. Содан орыс тілінен тікелей аударылған калька туындайды. Осындай материалды теледидарда оқыған кезде акцентпен сөйлеп тілін бұрап, дұрыс айта алмау да кездесіп жатады, жасандылық пайда болады.

Р.О.Туксаетова Қазақстандағы қазақ-орыс билингвизмінің медиадағы жағдайын, үлесін, 50/50 ұстанымын тілге тиек етті. Орыс тілі ұлтаралық қана емес, бір ұлттың ішіндегі тілдік қарым-қатынаста қолданылатын тілге айналғанын айтты [13]. Қазақстанда екі тілде де кез келген ақпаратты алуға мүмкіндік мол. Телевизия, радио, интернет ресурстарында барлық материал қолжетімді. Ақпараттың бірнеше тілде таралуы сөйлеу тіліндегі кодтардың ауысуын туғызады. Ш.К.Жарқынбекованың зерттеуінде қазақ-орыс тіліндегі кодтардың ауысуы сөйлеушінің бір тілден екінші тілге бірден ауысып кете алуына қатысты ғылыми болжамдар келтірген. Зерттеушінің айтуынша, Қазақстанда қазақ-орыс билингвизмінде қазақ тілі доминатты болып тұр. Сөйлеушінің бір тілден екінші тілге ауысуына тіл байлығының жетіспеуінен немесе тыңдаушыны өз ығына шығару үшін басқа тілді қолданады дейді. Ш.К.Жарқынбекова әлеуметтік желідегі хабарламалар мен фильмдегі диалогтарды талдаған [14].

Қазақстанда билингвизмнің субординативті түрі басым. Адам бір тілді екіншісіне қарағанда жақсы біледі. Сөйлеу әрекетінде бұл бір тілден екінші тілге ауысу арқылы байқалады. Бұл дегеніміз екі тілдік жүйе араласып келеді. Адам екі тілде де дүниенің тілдік суретін құрай алады.

Нәтижелер

Мақаланың мақсаты – орыс, ағылшын тіліндегі элементтердің қазақ тіліндегі медиа мәтіндерде қолданылуын анықтау. М.И.Конюшкевич билингвизмдерді ғылыми тұрғыдан мына белгілер бойынша зерттеу маңызды деп санайды [15]:

- белгілі бір медиа мен журналистің медиа мәтіннің тілін таңдауын анықтайтын факторлар;

- шет тіліндегі элементті медиа дискурса енгізу тәсілдері;

- осындай қосындылардың әсері;

- шеттілдік элементтерді медиа дискурста қолданудағы тілдік, коммуникативтік және этикалық-сөйлеу нормаларынан ауытқулар;

Еліміздегі саясаттың ықпалы ма, әлде басқа да әлеуметтік-тарихи себептер ме біз әлі орыс тілін қолдануды түбегейлі өзгерте алмай отырмыз. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ана тіліміз – қазақ тілі бола тұра, үлкені де, кішісі де орыс тілінде сөйлесе, енді бірі екі сөздің бірінде бөгде сөзді қосып айтуды әдетке айналдырған. Сөйлеу тілінде қалыптасқан үрдіс болар десек, бұл індет қоғамның үні болған баспасөз беттерінде, ТВ бағдарламаларда, радиоларда, жалпы медиакеңістікте өте жиі кездеседі. «Елдің тілінің бұзылуына, ең алдымен, оқығандары себеп болды» деген ащы шындықты кезінде Х. Досмұхамедов айтқан еді.

Тіл білімінде «Бір тілдің өзінде баламасы бола тұрып, өмірге қажет болмаса да шет тілден орынсыз қолданылған сөздерді варваризм» дейді. Шет тілі дегенде біздің тілдік қолданысымызда орыс тіліндегі сөздер және ішінара орыс тілі арқылы енген ағылшын тіліндегі сөздер кездеседі. Сөйлеу тілінің әсерімен пайда болған варваризмдер күнделікті тілдік қатынаста нормаға айналып бара жатқаны өкінішті. «Қазақ тілі – жаралы тіл. Оған күн сайын жара салатын өзіміз. Атадан қалған рухани байлықты шұбар-шұбар, кедір-бұдыр, мәнсіз, сәнсіз, көріксіз, жұтаң, қаны-сөлі жоқ былжырақ, қойыртпақ бірдеңеге айналдырып келеміз. Сөйтіп жүріп, жалғыз байлығымыз – тілді құртамыз» деген еді академик Ө. Айтбайұлы.

Зерттеу барысында жинақталған деректерге шолу жасайық.

Токио олимпиадасындағы ең танымал тинейджерлердің бірі – ұлыбританиялық Скай Браун. <https://aqzhelken.kazgazeta.kz/news/34191>.

Ұйымдастырушылар хабарлағандай, «Жас өспірімдер күні» алғаш рет 2010 жылы өткізіліп, онда 5 мыңдай алматылық «тинейджерлер» граффити салып, шахмат ойнап, брейк, скейт-шоу көрсеткенді. 06.08.2011. abai.kz. Гугл, хром. <https://abai.kz/post/9868.2021> жылы 19 қыркүйекте aqzhelken.kazgazeta.kz сайтында «Токиодағы тинейджерлер» мақаласы жарық көрген. Мақаланың негізі ұлыбританиялық жасөспірім. Осы тұста лексикалық ауытқу анық көрінеді. Тинейджерлер ағылшын тілінен жақында ғана енген кірме сөз. Соңғы уақытта «жасөспірім» сөзінің орнына тинейджер ұғымын қолдануды жиі байқауға болады. Сөзімнің дәлелі <https://ken-zhyloi.kz/> сайтындағы 2022 жылғы, 20 қарашадағы «Әлеуметтік желілер және сайлау» атты мақалада да «кешегі тинейджерлер бүгінде жақсы табыс табады деп аталмыш ұғымды қолданады. Осы кірме сөзді қолдану жасөспірімдер үшін түсінікті болғанымен егде тартқан кісілер мен ересек оқырман үшін түсініксіз болары сөзсіз.

Тілімізге сіңіп бара жатқан бірліктің бірі – мода. Бұл сөздің аудармасы сән екенін біле тұра, 80-90 пайыз адам мода сөзін қолданады. Мысалы,

Той жасау «**модаға**» айналды ма? 22.08.2015. <http://www.mazhab.kz/kk/maqalalar/din-men-dastur/toi-jasau-modaga-ainaldy-ma-570/> мақаласында қазіргі той жасау дәстүрін сынға алады. Бір қарағанда тақырыпта нақтылық жоқ сияқты. Той жасау бұрыннан

бар дәстүр. Ал «мода» сөзін бұрын болмаған, енді шығып жатқан құбылыс кезінде қолданады. Сондықтан тақырыпты таңдауда да қателік кеткен сияқты. Осы таңқалартақ тақырыптың бірі «Бүкіл әлемде мынандай құбылыс бар: өзге тілде сөйлей білу – бұл мода!» https://mtdi.kz/e/til_sayasaty/id/229/q/1 деп шыққан екен. Иә, өзге тілде сөйлей білу сәнде болғанмен, дәл қазіргі жағдайда – қажеттілік деп қосар едім. Тағы да қазақ тілінде баламасы бар сөзді тақырыпқа апарып бекітеді. Оқырманның назарын аудару үшін қолданған маркетингтік тәсіл деп санауға болады. Өйткені «мода» ұғымы артынан көзсіз еріп отыратын қалың нөпірді көзге елестеді. Адамдары бейсаналы түрде топтық сана басқарып кететіні бар. Сәннен қалмау деген триггерді оятатыны үшін копирайтерлер мода сөзін жиі тақырып үшін қолданады.

Өзінің қазақ тіліндегі баламасымен жарысып қолданылатын тілдік бірліктің бірі – проблема сөзі. Қазақша мәселе, түйіні шешілмеген мәселе, түйткіл, т.б. деген синонимдік қатармен жұмсала береді. Мәселен, Ғаламдық **проблемалар**. Martebe.kz. https://martebe.kz/galamdik_problemlar/ Қазақстандағы экологиялық **проблемалар** мен оларды шешу жолдары. <https://kaz.nur.kz/kaleidoscope/1860409-kazakstandagy-ekologialyk-problemlar-men-olardy-sesu-zoldary/> атты мақалаларда проблема сөзін мәселенің көлеміне қатысты алды ма деген ой келеді.

Барашканың етін жей-жей **барашка** боп кеткен қазақ аузына не салсақ та күйсей береді десе керек, сол жүгіртпе жолдар арқылы сумаңдап, сұңқылдап **фейкетіп**: С. Әбіш қызметтен кеткен жоқ... Қазір **законный** еңбек демалысында жүр, деп соқты. <https://zhasalash.kz/saraptama/nan-bajdyn-zamany-men-zaualy-20545.html>. Жас Алаш газетіне шыққан мына мақалада сөйлеу тіліне сай бірліктер бар екен. Мәтіндегі иронияны көрсету мақсатында бөгде сөздерді алған болар деп санаймыз. Барашканың етін жеп барашка боп кеткен қазақ деген тіркестен мысқылды сеземіз. Логикалық байланысы әлсіздеу мәтінде үш бірдей бөгде сөз жүр. Баран сөзін барашка, фейкетіп – кірме сөзге қазақ тіліндегі қосымшаны жалғаған, законный сөзін сын есім ретінде қолданған. Қарап отырсақ, алынған сөздердің қазақ тілінде баламасы бар.

Тимка ең ақыры, қалт-құлт еткен мүгедек аналардың мардымсыз ризығына сұғанақ «лапасын» салған соң, не дерсің. Ал мына бір мәтінде бірнеше ауытқуды байқадық. Біріншіден, сөйлемде бірнеше стиль араласып келген. Екіншіден, мардымсыз ризық тіркесінің логикалық байланысы дұрыс емес, ризық тек қана ақша түрінде келмейді. Мардымсыз жәрдемақы деп алу керек. Үшіншіден, сұғанақ «лапа» тіркесіндегі лапа сөзі орыс тілінде жануарға қатысты айтылады. Яғни лапа-қол деген мағынада жұмсалады. Сұғанақ қол деген тіркестің өзінде жағымсыз сема бар, оны «лапаға» ауыстырып тіркестің коннотациясын тіптен қалыңдатып жіберген. Автор бір стильдік мақсатты ұстанған десек те, қазақ тілінің мол сөздік қоры жеткілікті деп санаймыз.

Телехабраларды тыңдап, ондағы көріністерді көз алдыңыздан өткізіп отырғанда тіліміздің мол мүмкіндігін: байлығын, оралымдылығын, икемділігін пайдалануда талай олқылықтар бар. Ең алдымен, тілдің шұбарлануын айтпасқа болмайды. Шұбарлану дегенде, орыс сөздерінің көп ретте тіптен орынсыз араласып жүретінін ескертеміз. Егер орыс сөзінің қазақша баламасы болмай, аудармасын таба алмай, қиналатын сәттер болса, оның жөні бір бөлек. Мәселен, мына ток-шоуларда орыс сөзі араласқанымен қоймай, тұтас сөйлем, сұрақ орыс тілінде айтылып тұр. Еркін формат, барынша ашық сұхбат жүргізу үшін тілге қатысты талап та күшті емес болар деген ой қалыптасты.

Как всегда, проста так для интереса, көп та просто, зато шынайы, (Бір болайық, Шахкерім Кәрмен, <https://youtu.be/260bSbfsQLE>).

Бір текспен сопровождениесі болу керек, хейт астында қалып кетем деп ойлаған жоқпын, Сен оны қызықтырмай тұрсаң **зачем ондай қадамдар жасап (Бір болайық, Камила Саян, <https://youtu.be/fef5qdEBxqs>)**

Бренд болмақшы, тренд болмақшы, Ок, круто, өзім лично көрдім, (Астарлы ақиқат, Дина Төлепберген, <https://youtu.be/iAiW8b313rU>)

Так короче беттен ұрмаймыз, **заранее** келісіп алдыңдарға, **бойдан** кейін, камераға көзіңді қысып қойдыңғой, бір жағынан **популярность** дейсіңғо, Не деген **скромный** жігіт (Өзіміз ғой, Еркебұлан Бердалиев, <https://youtu.be/J9e7GwvFgtk>)

Зачем – неге, так короче – қысқаша айтқанда, популярность – танымалдылық, скромный – кішіпейіл, заранее – алдын-ала, круто – мықты, керемет, күшті т.б. орыс сөздерінің біздің күнделікті лексикамызға еніп бара жатқанын айта кеткен жөн. Мысалы, мына репликаны журналист айтып тұр: Как всегда, проста так для интереса, көп та просто, зато шынайы – Әдеттегідей, жай қызық үшін, жай ғана көп екенін айтқым кеп тұр, бірақ шынайы деп қазақ тіліндегі сөздерді қолдануға болады. Төмендегі мысалдан сұхбат бірнеше тілде болып жатыр ма деген ой келеді. Өйткені ағылшын – орыс билингвизмін **face to face-взгляд на взгляд** анықтадық. Сұхбатта үш тілдің элементтері араласып келіп тұр.

Вообще не отвлекаемся, біз **значит** араласып жүрміз, Болды **скоро** қыс, **раз на раз** шық десе, сенің қаның қызып тұрғой, киноны **жару үшін** қазақстанда не істеу керек, қазір спортшы, **красавчик, краш** болып кетті, сонда да **крашсың, face to face. Уо я сказал. взгляд на взгляд, Давай** тұрамыз, Сен Мухаммад әлимен видеозвонокпен **фейс ту фейс** жасасайшы, **фронтальный** камераны қосып алып, **Прогрев, подогрев, разогрев** болады сендерде, Сенің жекпе жектерің өтпес бұрын, біз жаңа айттыққой **разогрев** деп, сол жақсы бір жүретін сияқты, **хайп**. Сен жалпы көңіл аударасың ба **хайпқа?** Болды, **давай, уговорил**, Еркебұлан **Тоқтар краш, красавчик**, секс символ (https://youtu.be/1dj3U_N8JDo Табоо. Анара Батырхан)

Әншейін костюм шалбар емес **необычный**, Демек, сіздер **пара** емессіздер, Жаңа ғана Алматы мен Шымкент деп жатыр еді, **автоматический** ән қосылды, **я все люблю. Самарканд любишь? Самарканд люблю.** Қырғыстанда Ош бар, **Ош любишь, а Ош это самый любимый город.** Ташкентше, **Ташкент любовь, уан лав Ташкент** деп ұра бересің ба, Марат Оралғазин **любой** ситуациядан алып шығады, Қалай бұл списокке Түркістан кіріп кетті, **Ояқта** атмосфера **мощный** болып тұрғо саған, Ақтаудың жігіттері **мощный** болады, Тіпті **красить** еткен кезде хайлайтердің қажеті жоқ, Бұл хабар арнасы **свободно** айта беруге болады, демек олай **шипперить** етудің, қоса берудің қажеті жоқ, **Вот** мен **объявлять** етейін деп жатырмын, осы жерде керек емес арласудың, **Мы тоже особо не любим этот проект, Вообще** ұнамайды бізге ол проект. **Поэтому** бізде есімізге алғымыз келмейді. **Зато** қызықтаймыз бағдарламасына келгеніңді есіңе алуға боладығой иә, **Как раз** ол кезде уже кездесіпсіңдер иә сахна сыртында, Туу Құдай иә дей салшы. Кім бүйтіп **серезный** неғып жатыр. Жай **юморический** проектқой біздікі, **Трендте** нөмір бір жандар, ютубта да **трендте** нөмір бір болу тиіс (Марат Оралғазин, Қызық таймс, <https://youtu.be/dsWpo5ZxalG>).

Психолог, **мудрая, очаровательная, прекрасная Марина** Сәдуақасова, Ай, красавица, **Ты че делаешь, это че такое** деген әңгіме болмасын, **все**, қарапайымдылық осымен бітті,

звезда подключается, құттай бірдеңе болып қалса Аңсарчик деп сразу звондайсызда, ал туған күнін білмейсіз. **Это че такое, че за қайынапашка такая звезданутая,** бұл аты қызық екен өзі **вообще, просто** есіңізге түсіріңіз, Оған тек **задания** беріп қойып, жұмсап отырсаңыз болды, Ойбай **сіз вообще** тұзды білмейсіз ғой **совсем, вот так вот, к сожалению** бар, **уже забыла, я вообще осенила от ваших вопросов. Вообще от ваших этих жауабок, давай** тоқтама, **тужься я в тебя верю, бир, фақат, садеже бир,** кім звезда сонда ортада (<https://youtu.be/-Nwb6-M-kVQ> Жұлдызбысың. Қайрат Әділгерей)

Жоғарыда алынған мысалдардан орыс тіліндегі сөздер, тұтас сөйлемдер, қазақ тіліне орыс тілінің жұрнақтары жалғанған сөздерді және ағылшын тіліндегі бірліктерді анықтадық. Бұл дәл қазіргі қазақ медиасының келбеті десек болады. Статистикаға сүйенсек, теледидар алдында отырған көрермен ығысып, ютуб арнасының тұрақты аудиториясына айналды. Бұл құбылысты Ш.Жаркынбекова «Данный языковой факт – веяние времени, отражающее менталитет казахстанской молодежи, её стремление к диалогу языков и культур» [14] деп тұжырым жасады.

Қорытынды

Билингвизм жеке тұлғаның санасында әлемнің барабар бейнесіне қол жеткізуге ықпал етеді деген қорытынды жасауға болады. Барлық әділеттілікпен айта кету керек, билингвизм әлеуметтік-саяси өмірде қарым-қатынасқа, бірлесіп жұмыс істеуге, жақындасуға және өзара көмектеседі; халықтар арасындағы кең мәдени алмасудың таралуына ықпал етеді; халықтардың өзара оқшаулану мүмкіндігін болдырмайтын құрал ретінде әрекет ете отырып, әртүрлі ұлт өкілдерінің қарым-қатынасындағы тілдік кедергілерді азайтуға мүмкіндік бар; ұлтаралық тілдің кең таралуына ықпал етеді өзара байытуға және өзара әсер етуге, жалпы және біртұтас процеске қатысатын тілдердің әрқайсысының лексикалық қорын толықтыруға және кеңейтуге ықпал етеді.

Қорыта келе, қазақтілді бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ-орыс, қазақ-ағылшын билингвизмдері өте жиі кездесетіні анықталды. Әсіресе орыс тілінің кейде доминантты болып кететіні де байқауға болады. Қазақстанда жүздеген этникалық топтар өмір сүретіндіктен орыс тілі ұлтаралық тіл ретінде қолданысқа ие. Бұл жайт медиакеңістіктегі «өзіміз, еркін отырып, ашық сөйлесейік» форматында өтетін ток-шоулар мен бағдарламаның барлығында қостілділік арқылы анық көрінеді. Сонымен қатар, соңғы уақытта орыс сыныбына қазақ балаларының жылдағыдан көбірек баруына орай қостілді контентті тұтынушылар көбейеді деген болжам жасауға болады.

Авторлар үлесі:

Майлыбаева А.И. – Материалдың алғашқы нұсқасын жазып, негізгі тұжырымдарды енгізуге үлес қосып, концепциясын түзуге атсалысты.

Тоқтағазин М.Б. – Мақаланың мәтінін жазу, толық редакциялау, құрылымдауды жүзеге асырды.

Сиязбаев Н.К. – Ғылыми мақалаға қажетті әдебиеттермен жұмыс істеп, негізгі идеяларды сараптады.

Әдебиеттер тізімі

1. Андреева С.В. Билингвизм и его аспекты. Ученые записки ЗабГУ. Серия: Филология, история, востоковедение. – 2009. – №3. – С. 34-38
2. Метлюк А.А. Взаимодействие просодических систем в речи билингва: [Учеб. пособие для ин-тов и фак. иностр. яз.]. А. А. Метлюк. – Минск: Вышэйш. шк., 1986. – 110 с.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том. Құрастырған: Т. Жанұзақ, С. Омарбеков., Ә. Жүнісбеков және т.б. – Алматы, 2011. – 540 б.
4. Янович К.Я. Билингвистические издания в пространстве культуры. Вестник МГУКИ. – 2013. – №3. – С.84-88
5. Вишневская Г.М. Билингвизм и его аспекты: учебное пособие. – Иваново, 1997. – 98 с.
6. Гусейнова А.В. Региональный язык в медиапространстве Республики Хакасия. Вестник ЧелГУ. – 2013. – №29(320). – С.34-36
7. Дряхлова Л.Д. Двухязычие в СМИ Мордовии. Известия РГПУ им. А.И.Герцена. – 2009. – №103. – С. 120-127
8. Жеребило Т.В. Газетно-публицистический стиль в условиях билингвизма. Современные проблемы науки и образования. – 2015. – № 2. – С.15-21
9. Азизова Н.Б. Лингвокультурологический аспект билингвизма. Academic research in educational sciences. – 2021. – №4. – С. 130
10. Абдигазы С.Х. О билингвизме как частном многоязычии в Казахстане. JSPR. – 2014. – №2. – С.91-96
11. Опарина Е.О. Взаимодействие языков в современном мире: политические и культурные особенности билингвизма на постсоветском пространстве. Человек: Образ и сущность. Гуманитарные аспекты. – 2018. – №1-2. – С. 32-33
12. Поддубская Т.А. Роль русского языка в медиасистеме стран СНГ в период обострения международных отношений. Преподаватель. – 2015. – №3. – С. 35-40
13. Туксайтова Р.О. Казахско-русский билингвизм как коммуникативная ценность. Аксиологические аспекты современных филологических исследований: тезисы докладов Международной научной конференции. УрФУ, 15–17 октября 2019 г. – Екатеринбург: Издательский дом «Ажур», 2019. – С. 219-222.
14. Жаркынбекова Ш.К., Чернявская В.Е. Казахско-русская билингвиальная практика: смешение кода как ресурс к коммуникативному взаимодействию. Вестник РУДН. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика. – 2022. – №2
15. Конюшкевич М.И. Двухязычное медиапространство. Статья вторая. Влияние русского языка на тексты белорусских СМИ. – [Электронды ресурс] URL: https://medialing.spbu.ru/upload/files/file_1497713146_8368 (қаралған күні: 25. 03. 2025)

Issues of bilingualism in Kazakhstan's mass communication media

A.I. Mailybayeva¹, M.B. Toktagazin¹, N.K. Siyazbaev²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²E.A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Kazakhstan

Abstract. The article defines bilingualism and examines the social, political, and cultural factors that influenced its adoption. The extensive usage of bilingualism in modern society is attributed to ethnic and political causes, as well as geographical mobility. Globalisation has made knowledge of multiple languages essential for studying or working in other countries. Bilingualism is especially important in intercultural communication in the current period, when people, languages, and cultures are mingling on an unprecedented scale, and the problem of nurturing tolerance, interest, and respect for foreign cultures is more urgent than ever. The term "bilingualism" is derived from two Latin words: "bi" (two) and "lingua" (language). The concept of bilingualism is not clear, with definitions in the specialised literature differing widely. Bilingualism is characterised as the ability to comprehend information while speaking effectively in both languages, or to communicate well in one language but only answer in the other. Bilingualism might be thought of as a phenomenon that must exist in today's globalised world. Furthermore, the relationship between bilingualism and the media is addressed, as well as the extent to which it is distributed. The potential of old and new media spaces is distinct. The article's goal is to identify and recognise bilingualism in Kazakh-language public communication. Bilingualism in traditional and Internet mass media is examined through examples. The investigation discovered Kazakh-Russian and Kazakh-English bilingualism. Kazakh-Russian bilingualism is particularly prevalent in all forms of mass communication. This is because some official activities in our country are conducted in Russian.

Keywords: bilingualism, media, communication, and media space.

Проблемы билингвизма в казахстанских средствах массовой коммуникации

А.И. Майлыбаева¹, М.Б. Токтагазин¹, Н.К. Сиязбаев²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,
Астана, Казахстан

²Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

Аннотация. В статье дается определение двуязычия и рассматриваются социальные, политические и культурные факторы, повлиявшие на его распространение. Широкое распространение двуязычия в современном обществе объясняется этническими и политическими причинами, а также географической мобильностью. Глобализация сделала знание нескольких языков необходимым для учебы или работы в других странах. Двуязычие особенно важно в межкультурной коммуникации в нынешний период, когда люди, языки и культуры смешиваются в беспрецедентных масштабах, а проблема воспитания толерантности, интереса и уважения к иностранным культурам стоит как никогда остро. Термин "билингвизм" происходит от двух латинских слов: "bi" (два) и "lingua" (язык). Понятие билингвизма не совсем ясно, и определения

в специальной литературе сильно различаются. Двоязычие характеризуется как способность воспринимать информацию, эффективно разговаривая на обоих языках, или хорошо общаться на одном языке, но отвечать только на другом. Двоязычие можно рассматривать как феномен, который должен существовать в современном глобализированном мире. Кроме того, рассматривается взаимосвязь между двуязычием и средствами массовой информации, а также степень их распространения. Потенциал старых и новых медиапространств различен. Цель статьи - выявить и признать двуязычие в публичной коммуникации на казахском языке. На примерах рассматривается двуязычие в традиционных и интернет-СМИ. В ходе исследования был выявлен казахско-русский и казахско-английский билингвизм. Казахско-русский билингвизм особенно распространен во всех формах массовой коммуникации. Это связано с тем, что некоторые официальные мероприятия в нашей стране проводятся на русском языке.

Ключевые слова: билингвизм, медиа, коммуникация, двуязычие, медиапространство.

References

1. Andreeva S.V. Bilingvizmi ego aspekty [Bilingualism and its aspects] // [Teaching notes ZabGU. Series: Philology, history, oriental studies]. 3. 34-38(2009) [in Russian].
2. Metljuk A.A. Vzaimo dejstvie prosodicheskikh sistem v rechi bilingva [Interaction of prosodic systems in bilingual speech]: [Ucheb. posobie] in-tov ifak. inostr. jaz.]. (Minsk, 1986, 110 p) [in Russian].
3. Kazak adebi tilinin sozdigi. On bestomdyk. 6-tom. [Kazakh Literature Language. Fifteen volumes. Volume 6] /Kurastyrgan [Conducted by]: T. Zhanuzak, S. Omarbekov, A. Zhynysbekov zhane t.b. (Almaty, 2011. 540 p.) [in Kazakh].
4. Janovich K.Ja. Bilingvisticheskie izdaniya v prostranstve kul'tury [Bilingual publications in the cultural space] // Bulletin of MGUKI. 3.84-88(2013)[in Russian].
5. Vishnevskaja G.M. Bilingvizmi ego aspekty: Uchebnoe posobie. [Bilingualism and its aspects: Textbook]. (Ivanovo, 1997. 98 p.)[in Russian].
6. Gusejnova A.V. Reginal'nyj jazyk v media prostranstve Respubliki Hakasija [Regional language in the media space of the Republic of Khakassia] // Bulletin of Chelyabinsk State University. 29(320).34-36(2013)[in Russian]
7. Drjahlova L.D. Dvujaychie v SMI Mordovii [Bilinguals in the media of Mordovia] // [Bulletin of the Herzen State Pedagogical University]. 103. 120-127(2009) [in Russian]
8. Zherebilo T.V. Gazetno-publicisticheskij stil' v uslovijah bilingvizma [Newspaper and journalistic style in the context of bilingualism] // Sovremennye problem nauki i obrazovanija. 2. 15-21(2015)[in Russian]
9. Azizova N.B. Lingvokul'turologicheskij aspekt bilingvizma [Lingvocultural aspect of bilingualism] // [Academic research in educational sciences]. 4. 130(2021)[in Russian]
10. Abdigazy S.H. O bilingvizme kak chastnom sluchae mnogojazychie a Kazahstane [On bilingualism as a special case of multilingualism in Kazakhstan] 2. 91-96(2014)[in Russian]
11. Oparina E.O. Vzaimodejstvie jazykov v sovremennom mire: politicheskie i kul'turnye osobennosti bilingvizma na postsovetskom prostranstve [Interaction of languages in the modern world: political and cultural features of bilingualism in the post-Soviet space] // Chelovek: Obrazisushhnost'. Gumanitarnye aspekty. 1.32-33(2018) [in Russian]

12. Poddubskaja T.A. Rol' russkogo jazyka v media sisteme stran SNG v period obostrenija mezhdunarodnyh otnoshenij [The role of the Russian language in the media system of the CIS countries during the aggravation of international relations] // [Prepodavatel'] 3. 35-40(2015)[in Russian]
13. Tuksaitova R. O. Kazahsko-russkij bilingvizm kak kommunikativnaja cennost' [Kazakh-Russian bilingualism as a communicative value] / R. O. Tuksaitova // Aksiologicheskie aspekty sovremennyh filologicheskikh issledovanij: tezisy dokladov Mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii [Axiological aspects of modern philological studies: abstracts of reports of the International scientific conference](15–17.10. 2019). (Ekaterinburg, 2019, 219-222 p.)[in Russian]
14. Zharkynbekova Sh.K., Chernjavskaja V.E. Kazahsko-russkaja bilingvial'naja praktika: smeshenie koda kak resurs k kommunikativnom vzaimodejstvii [Kazakh-Russian bilingual practice: code mixing as a resource for communicative interaction] // [Bulletin of RUDN. Series: Language Theory. Semiotics. Semantics]. 2. (2022)[in Russian]
15. Konjushkevich M.I. Dvujazychnoe media prostranstvo. Stat'javtoraja.Vlijanie russkogo jazyka na teksty belorusskikh SMI [Bilingual media space. The second article. The Russian language influence on the Belarusian mass media texts] Available at: https://medialing.spbu.ru/upload/files/file_1497713146_8368(accessed at: 25. 03. 2025)[in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Майлыбаева А.И. – Журналистика білім беру бағдарламасының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

Тоқтағазин М.Б. – хат-хабар авторы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

Сиязбаев Н.К. – Әлеуметтік ғылымдар магистрі, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Information about the authors:

Mailybayeva A.I. – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str. 2, Astana, Kazakhstan

Toktagazin M.B. – corresponding author, Candidate of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str. 2, Astana, Kazakhstan

Siyazbaev N.K. – Master of Social Sciences, Universitetskaya Str. 28, Karaganda, Kazakhstan